

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ЖАМБЫЛ ДАРЫНЫ» АЙМАҚТЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ОРТАЛЫҒЫ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «РЕГИОНАЛЬНЫЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЦЕНТР
«ЖАМБЫЛ ДАРЫНЫ» УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ

080011, Тараз қаласы, Қ.Көшекөв көшесі, 50
тел.: 8 707 234 37 91
E-mail: zhambyl@daryn.kz

080011, город Тараз, улица К.Кошекoва, 50
тел.: 8 707 234 37 91
E-mail: zhambyl@daryn.kz

№ 13

12.01.2026 г.

Аудандық, қалалық
білім бөлімдерінің басшыларына

Облыстық білім басқармасына
қарасты мектеп директорларына

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Жамбыл дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығы жылдық жұмыс жоспарына сәйкес 2026 жылдың 13 ақпан күні республикалық «Мұқағали Мақатаев оқулары» байқауының облыстық кезеңі өтетіндігін хабарлайды.

Байқауға аудан, қала және облыстық білім басқармасына қарасты мектептер бойынша 7-11 сынып оқушылар қатысады. Байқау талабына сай IV номинация бойынша 4 үміткер қатыса алады.

Осыған орай, облыстық байқауға қатысатын оқушылардың сұранысын 2026 жылдың 5 ақпан күнінен кешіктірмей қосымшадағы кестеге сәйкес толтырып sh.baiqau@mail.ru электронды почтасына жіберулеріңізді сұраймыз.

(Өтетін орны қосымша хабарланады)

Қосымша: 4 бет

Директор



М.Есеналиева

Орындаған: Ә.Тұнгат
Тел: 87479880094

000744

№	Аудан/қала	Ауылы	Мектептің атауы	Мектептің ID	Қатысушының аты-жөні (толық жазылу керек)	Қатысушының ЖСН	Сынбы	Жетекшінің аты-жөні, телефоны (толық жазылу керек)	Жетекшінің ЖСН	Номинациясы
1										«Айтып өткен ақында арман бар ма?» өлеңдерін жатқуға оқу номинациясы
2										«Жыр эстафетасы» поэмаларын жатқуға оқу номинациясы
3										«Көкірегімде жыр сәулесі маздайды...» жас аяғындар номинациясы
4										«Дарига, домбырағымды берші маған» аспаппен жасанды дауыста ән орындау номинациясы

**Республикалық жалпы орта білім беретін мектеп оқушылары
арасында өтетін Мұқағали Мақатаев оқуларының
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережелері

1.1. Осы Ереже жалпы орта білім беретін мектеп оқушыларының арасында өткізілетін республикалық Мұқағали Мақатаев оқуларының мәртебесін, мақсаттары мен міндеттерін айқындайды.

1.2. Жалпы орта білім беретін мектеп оқушылары арасында өткізілетін республикалық Мұқағали Мақатаев оқуларының міндеттері мен мақсаттары:

1.3. Республиканың жалпы орта білім беретін мектеп оқушылары арасында Мұқағали Мақатаевтың шығармаларын насихаттау;

1.4. Республикалық жалпы білім беретін мектеп оқушыларының шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамдарын, тума талант, табиғи дарындарын анықтау;

1.5. Оқушылардың поэзияға деген құштарлығын арттыру, өлең сөзінің күдіреті мен қуатын жанымен сезініп, жүрегімен түсіне білуге, ой-пікірлерін ғылыми тұрғыда дәйекті жеткізе алуға баулу;

1.6. Жас талапкер ақындарға әлеуметтік-рухани қолдау көрсетіп, шығармашылық жұмыс түрлерін жандандыру. Жас буынның тарихи танымдарын, демократияға және азаматтыққа бағдарланған дүниетанымдары мен сана-сезімдерін, өмірге көзқарасын қалыптастыру.

2. Мұқағали Мақатаев оқуларына қатысушылар

2.1. Мұқағали Мақатаев оқуларының республикалық кезеңіне әр облыстағы өткізілген байқаудан жеңіп шыққан 7-11 сынып оқушылары қатыса алады.

2.2. Әрбір облыстағы білім беру ұйымдарында өткізілген республикалық Мұқағали Мақатаев оқуларының Ережесі бойынша **әр номинациядан 1 (бір) оқушы, облыс бойынша барлығы 4 (төрт) үміткер** ұсынылады.

2.3. Республикалық Мұқағали Мақатаев оқулары ақынның туған ауылы Қарасаз ауылында өтетіндіктен Республикалық кезеңге Алматы облысынан бірнеше оқушылардың қатысуға құқығы бар.

2.4. Қатысушының аты-жөні, номинация атауы, облысы, ауданы (қаласы), мектебі, сыныбы, жетекшісінің аты-жөні, телефоны туралы толық мәліметі бар сұранысты Алматы облысы білім басқармасының «Жас дарын» облыстық дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау ғылыми-практикалық орталығына жіберулері керек.

Ескерту. Өткен жылдардағы жеңімпаздар мен жүлдегерлер бұрын марапатталған секцияда қайта қатысуға жіберілмейді. Алайда мұндай қатысушылар басқа секцияларға, яғни бұрынғы номинациясымен сәйкес келмейтін бағыттарға өтінім беріп, байқауға қатыса алады. Бұл ереже барлық қатысушылар үшін тең жағдай жасауға және жаңа таланттардың ашылуына мүмкіндік беруге бағытталған.

2.4. Байқаудың республикалық кезеңі ағымдағы жылдың маусым айында Ақынның туған ауылы **Алматы облысы, Райымбек ауданы, Қарасаз ауылында** өтеді.

3. Республикалық Мұқағали Мақатаев оқуларының шарттары

3.1. Республикалық байқауға қатысатын оқушы поэзияны сүйетін, оны поэтикалық тұрғыда талдай білетін, ғылыми жұмысқа бейімі бар, өлеңді көркем мәнерлеп оқитын қабілеті, әрі ақындық талабы бар облыстық байқаудың жүлдегері болуы шарт. Үміткер ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығын, әрі өлеңдері мен поэмаларын мүмкіндігінше жатқа білуі керек және кез-келген өлеңін талдай алуы қажет. Сонымен бірге, талапкер өз шығармашылық қабілетін танытуы керек.

Мұқағали Мақатаев оқулары 4 бағыттан тұрады:

1. «Айтып өткен ақында арман бар ма?» айдарында үміткер Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығынан жатқа білетін өлеңдерінің тізімін (*поэмадан басқа*) әкеліп алдын-ала қазылар алқасына ұсынады. Ұсынылған тізімнен қазылардың нұсқауымен кез-келген өлеңді жатқа оқиды. Қазылар тізім бойынша бірнеше өлеңді жатқа айтуын ұсынады. Үміткердің жатқа білетін өлеңдерінің санына және мәнерлеп, көркем оқылуына баға қойылады.

Ескерту: Егер қатысушы қазылар ұсынған өлеңді жатқа, мәнерлеп айта алмаса, ұпайы кемиді.

Бағалау критерийі:

- жатқа айтуда тіл тазалығы;
- сөйлеу мәнері және мәдениеті;
- жатқа білетін өлеңдер саны;
- сахналық мәдениеті.

2. «Жыр эстафетасы» айдарында байқауға қатысушылар «**Аққулар ұйықтағанда**», «**Алтай-Атырау**» және «**Райымбек-Райымбек**» поэмаларын жатқа білуі тиіс. Қатысушылар жеребе тарту арқылы жоғарыда көрсетілген поэмалар бойынша топқа бөлінеді, таңдауға түскен поэманы жатқа айтудан өзара сынға түседі.

Бағалау критерийі:

- поэмадан үзіндіні жалғастыру шеберлігі;
- сөз мәнері, мүдірмей жатқа айтуы;
- дауыстың ашықтығы мен айқындығы;
- интонация, дауыс кідірісі;
- сахналық мәдениеті, өзін-өзі ұстауы.

3. «Көкірегімде жыр сәулесі маздайды...» айдары бойынша оқушы өз шығармашылығынан 3-5 шумақтан аспайтын бір өлеңін (*кітапшасын ұсынады*) қазылардың нұсқауымен оқиды.

Бағалау критерийі:

- тақырыпқа сәйкестігі, жүйелілігі;
- көркем оқуы мен мәнерлігі;
- ерекше ұйқасы мен құрылымы
- дауыс интонациясын сақтауы;
- сөйлеу мәдениеті, сахнада өзін-өзі ұстауы.

4. «Дарига, домбырамды берші маған» айдарында үміткерлер Мұқағали Мақатаевтың сөзіне жазылған әндерді белгілі бір аспаппен (домбыра, жетіген, баян, гитара т.б.) өздерін сүйемелдеу арқылы жанды дауыста орындайды.

Бағалау критерийі:

- аспапты меңгеруі;
- орындаушылық шеберлігі мен музыкалық сауаттылығы;
- дауыс тазалығы;
- дауыс көлемі;
- сахна мәдениеті.

4. Қаржыландыру

4.1. Республикалық Мұқағали Мақатаев оқуларының облыстық, аудандық, қалалық кезеңдерінің қаржыландырылуын тиісті білім органдары жүзеге асырады.

4.2. Республикалық Мұқағали Мақатаев оқуларына қатысушылардың жолда жүруге байланысты шығындарын жіберіп отырған мекеме көтереді.

4.3. Республикалық Мұқағали Мақатаев оқуларына қатысушылардың (*оқушылардың жатын орны, тамақтануы*) марапаттау мен бағалы сыйлықтар алуға байланысты шығындарын Алматы облысының білім басқармасы көтереді.

5. Жұмыс органдары

5.1. Республикалық Мұқағали Мақатаев оқуларының шешуші соңғы кезеңін дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асыру және үйлестіру мақсатында облыстық білім басқармасының бұйрығымен ұйымдастыру комитеті құрылады.

5.2. Республикалық ұйымдастыру комитетінің құрамына облыстық білім басқармасы мен облыстық білім беру ұйымдарының қызметкерлері, тиісті аудандық білім бөлімдерінің жетекшілері енгізіледі.

5.3. Мұқағали Мақатаев оқуларының соңғы кезеңін өткізуді ұйымдастыру комитеті:

- Мұқағали Мақатаев оқуларын өткізудің жалпы тәртібін белгілейді;
- Тікелей басшылық жасауды жүзеге асырады;
- Мұқағали Мақатаев оқуларының материалдарын баспасөзге жариялауға береді.

5.4. Республикалық ұйымдастыру комитетінің төрағасы Алматы облысының білім басқармасының басшысы.

6. Қазылар алқасы

6.1. Мұқағали Мақатаев оқуларының қазылар алқасы құрамы төрағадан, хатшыдан және 5 алқа мүшелерінен тұрады.

6.2. Қазылар алқасының құрамын облыстық ұйымдастыру комитетінің ұсынуы бойынша Алматы облысы білім басқармасының бастығы бекітеді.

Қазылар алқасы:

- талапкердің өнеріне талдау жасайды және **10 балдық** жүйемен бағалайды;
- қатысушылардың өнерін бағалаудағы мәселелерді талқылайды және қажет болған жағдайда тиісті түзетулер енгізеді;
- жеңімпаздарды анықтайды және жүлделі орындарды белгілейді.
- Алматы облыстық білім басқармасына республикалық Мұқағали Мақатаев оқуларының қорытындысы бойынша есеп береді.

7. Республикалық Мұқағали Мақатаев оқуларының жұмысын қорытындылау және қатысушыларды марапаттау

7.1. Мұқағали Мақатаев оқуларының ашылуы және қорытындылануы, жеңімпаздарды марапаттау рәсімі салтанатты түрде өтеді.

7.2. Республикалық Мұқағали Мақатаев оқуларының жеңімпаздары әр бағыт бойынша Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің I, II, III дәрежелі дипломдарымен және «Дарын» РҒПО-ның грамоталарымен марапатталады.

7.3. Мұқағали Мақатаев оқуларының республикалық кезең жүлдегерлері қазылар алқасының шешімімен **әр номинация бойынша қатысушылардың 45% құрайды.**

Дипломдар саны келесі пропорция бойынша анықталады: I дәрежелі дипломдармен жеңімпаздардың 20%-ы, II дәрежелі – 30%-ы, III дәрежелі – 50%-ы марапатталады.

7.4. Барлық қатысушыларға қатысқанын растайтын қатысушы сериификаты беріледі.